

Мустафина Ж.Д. *, Борбасова Қ.М.

әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.
*e-mail: zhanar_mustafina@list.ru

ҚАЗАҚЫ ҰРЫМ-ТҰЙЫМДАРДЫҢ ДІНИ-ФИЛОСОФИЯЛЫҚ АСТАРЛАРЫ

Мақалада қазақ халқында сақталып, қолданыста жүрген бірқатар ырым-тұйымдардың діни-философиялық астарлары қарастырылады. Қазіргі жаһандану жағдайында болашақ ұрпақты тәрбиелеуде ерекше орын алатын ырым-тұйымдар жүйесін қайта жаңғыртып, қолданыс аясын кеңейту өзекті. «Ұрым» және «тұйым» сөздерінің мағынасы, арақатынасы түсіндіріліп, мәселенің зерттелуіне тарихнамалық шолу жасалады.

Ұрым-тұйымдардың діни, мифологиялық астарлары айқындалады, шығу тарихы, мәні мен мазмұны талданады. Авторлар қазақ халқымен ғасырлар бойы жасасып келе жатқан ырым-тұйымдар жүйесі халқымыздың өмірінде, салт-санасында, әдет-ғұрпында, тұрмыс-тіршілігінде кеңінен көрініс тапқандығын атап өтеді. Ертеде осындай ырым-тұйымдардың өміршең болып, ұрпақтан ұрпаққа үзілмей жалғасып жетуі аңыз-әпсаналармен, мифтік таныммен байланып отырған. Қазіргі таңда ырым-тұйымдардың бірқатар өзгерістерге ұшырап, қолданыс аясының тарылғандығы туралы байлам жасалған.

Түйін сөздер: ырым, тұйым, дін, миф, символ.

Mustafin Zh.D. *, Borbassova K.M.

Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty, *e-mail: zhanar_mustafina@list.ru

Religious and philosophical sense of Kazakh beliefs and prohibitions

This article is considered the religious and philosophical meaning of some Kazakh beliefs and prohibitions. In the context of globalization it`s especially important to modernize the system of beliefs and bans in the upbringing of the future generation. It is defined the concept of words "belief" and "prohibition", and the historiography of the studied problem is considered.

Religious and mythological subtexts are determined, historical sources, essence and content of beliefs and prohibitions are analyzed. The authors note that in the life of Kazakh people over the centuries was formed the system of beliefs and prohibitions which have found reflection in everyday life, customs and traditions. Since ancient time the beliefs and prohibitions have continued to be viable and passed on from generation to generation, they were connected by legends, mythical knowledge. It`s a fact, at present time there are a number of changes in the content, the field of application is narrowed.

Key words: beliefs, prohibitions, religious, myth, symbol.

Мустафина Ж.Д. *, Борбасова Қ.М.

Қазақстан Республикасының ұлттық университеті атындағы аль-Фараби,
Қазақстан, г. Алматы, *e-mail: zhanar_mustafina@list.ru

Религиозно-философский смысл казахских поверий и запретов

В данной статье рассматривается религиозно-философский смысл некоторых казахских поверий и запретов. В условиях глобализации особенно важным является модернизация системы поверий и запретов в воспитании будущего поколения. Определяются понятия слов «поверье» и «запреты», рассматривается историография изучаемой проблемы.

Определяются религиозные и мифологические подтексты, анализируются исторические истоки, сущность и содержания поверий и запретов. Авторы отмечают, что в жизни казахско-

го народа на протяжении веков формировались системы поверий и запретов, которые нашли отражение в быту, обычаях и традициях. Издревле поверья и запреты продолжали оставаться жизнеспособными и передавались из поколения в поколение, были связаны легендами, мифическим познанием. Констатируется, что в настоящее время существуют ряд изменений в со- держаниях, а также сужена область их применения.

Ключевые слова: поверья, запреты, религия, миф, символ.

Ұсынылып отырған мақала қазақ рухани мәдениетінің формаларындағы ырым-тыйымдардың діни-философиялық астарларын ашуға арналған. Қазақ мәдениетінің тарихына көз жүгіртсек, қазақтың салт-дәстүрлері, ырым-тыйымдары, наным-сенімдері, ишараттарының символдық негіздері көптеген зерттеушілерді толғандырғанын байқау қиын емес. Кезінде Ш. Уәлиханов, Ә. Диваев, Ә. Бөкейханов, А. Байтұрсынов, Х. Досмұхамедов секілді қазақ зиялылары бұл мәселеге қатысты өз ой-пікірлерін айтып кеткендігі белгілі. Олардың қалдырған өміршең ой-тұжырымдары С. Мұқановтың, Ә. Марғұланның, Ш. Ыбыраевтың, Ә. Қоңыратбаевтың және т.б. еңбектерінде жалғасын тапты.

Дәстүрлі мәдениеттің сан алуан проблемалары түрлі зерттеулерде толық қамтылды, алайда олардың символдық астарлары арнайы зерттелмеді. Көшпелілер әлемінің рухани болмысының қыр-сыры тек қана тарихи және этнографиялық әдебиетпен шектелмей, философиялық, мәдениеттанулық және филологиялық ізденістерде де көрінеді. Оған дәлел, М. әуезовтің «Энкидиада: К проблеме единства миров кочевья и оседлости // (Кочевники. Эстетика: Познание мира традиционным казахским искусством. Алматы, 1993), Ғ. Есімнің «Хакім Абай» (Алматы, 1994), Т. Ғабитовтің «Қазақ мәдениетінің типологиясы» (Алматы, 2001), А. Сейдімбековтің «Қазақ әлемі» (Алматы, 1998), Д.К. Кішібековтің «Кочевое общество: генезис, развитие, упадок» (Алматы, 1984), А. Қасабектің «Искание истины (о природе национальной философии)» (Алматы, 1998), С. Ақатаевтың «Мировоззренческий синкретизм казахов (Алматы, 1993), Ж.К. Қаракөзованың «Казахская культура и символ» (Алматы, 1997), Қ. Ақышевтің «К генезису традиционной культуры казахов (археологический аспект) // (Культура кочевников на рубеже веков (XIX-XX, XX-XXI вв.): Проблемы генезиса и трансформации: материалы международной конференции. Алматы, 1995), С. Қасқабасовтың «Казахская сказочная проза» (Алматы, 1990), М. Орынбековтың, т.б. еңбектері.

Сонымен қатар, халқымыздың рухани мәдениетіне қатысты білімдерді жинақтау мақса-

тында жүзеге асырылған мемлекеттік арнайы бағдарламалардың негізінде «Қазақтың тәлімдік ойлар антологиясы» (10 томдық), «Қазақ халқының дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары» (2 томдық. Алматы, 2015), А. Нүсіпқасұлының «Тал бесіктен жер бесікке дейін» (Алматы, 2014), Б. Момынова мен С. Бейсембаевалардың «Қазақ тіліндегі ым мен ишараттың қазақша-орысша түсіндірме сөздігі» (Алматы, 2003), Қ. Бегмановтың «Халқымықтының – салты мықты: этнографиялық сыр-сұхбат» (Алматы, 2010), «Қазақы тыйымдар мен ырымдар» (Құрастырушы авторы А. Құралұлы. Алматы, 1998) атты еңбектер мен жинақтар жарық көрді. Тақырыпқа қатысты баспасөз беттерінде жарық көрген Қ. Оразбекұлының «Қазақтың ырым-тыйымдары» (Қазақстан мектебі, 2014. №4), Г. Айтбаеваның «Ырымдар нені ымдайды?» (Алтын Орда, 2005. №50), А. әмірбекованың «Қазақтың ырым-тыйымдары» (Ана тілі, 2015. №7) және т.б. ғылыми мақалаларын атап өтуге болады. Дегенмен, бұл еңбектер жоғарыда атап өткендей ырым-тыйымдардың символдық көріністерін арнайы зерттеуді мақсат етпейді.

Кіріспе

Қазақ халқымен ғасырлар бойы бірге жасап келе жатқан ырым-тыйымдар жүйесі қазақтың өмірінде, салт-санасында, әдет-ғұрпында, тұрмыс-тіршілігінде кеңінен көрініс тауып келгендігі шындық. Алайда, қазіргі таңда олар тұрмысымыздан алыстап, мән-мағынасы жұтап, қолдану аясы тарылып келеді. Бұл үрдіс еліміз тәуелсіздік алған алғашқы жылдардан басталды. Осы уақыттан халқымыздағы барлық сакральді ұғымдар мен жөн-жоралғылар тезірек өше бастады. Оған сұраныстың болмауы да әсер етті. Тіпті, қазақтың бүкіл киелі ұғымдары мен салт-санасын, аңыз-әпсаналарын түгел терістеп, мансұқтаумен айналысатын діни жамағаттар пайда болды. Олардың әрекеті ұлттың рухани дүниетанымына соққылар жасады.

Қазақ халқындағы ырым-тыйымдардың түп негіздерін, символдық сипатын қарастырмастан бұрын, «ырым» және «тыйым» сөздерінің мән-мағынасына, арақатынасына тоқталып өтсек.

Белгілі этнограф Б. Бопайдың пікірінше, тыйым көбінесе бұйрықты, бұйрық райлы келеді: «Ер азаматтың алдын кеспе», «Тұзды төкпе», «Босағаны керме», «Маңдайшаны тартпа», «Табалдырықты баспа», «Көкті жұлма», «Құс жұмыртқасын шақпа» деген сияқты. Ырым-тыйым сөздердің мәнін түсіндіруден туады. Неге ұйтуге болмайды, оның себеп-салдары қандай? Ал жаман мінез, нашар қылықтан одан ары тыю үшін жаңағы тыйым сөздерді одан әрі түсіндіріп, шектеп-тектеп «Көк шөпті жұлсаң, көктей орыласың, жастай жазым боласың» десе тыйым – ырымға айналады. Былайша айтқанда, тыйым – ырым сөздің бір қанаты саналады. Тыйым – ырым сөздің алғы шарты. Ырым – жақсылықтың жаршысы сияқты, тыйым – жамандықтан, төніп келе жатқан қатерден сақтандырудан туған. Қазақ ешқашан тыйым сөздерді айтқанда көпше жалғау қоспайды. Себебі, тыйым сөз әрбір адамға, бесіктегі баладан бастап, еңкейген кәріге шейін жеке дара арналған. Бұл әр қазақ білуі керек асыл білім кеніші. Ұлттық тәрбиенің бастау бұлағы. Бір ұлттың жиған-тергені (Дәстүр, №1, 2017:20).

Ырымдар жұмбақтың шешуіне де ұқсап тұрады. Қазақтың ырымдары өз алдына бір сала, көшпелі тұрмысының қыры мен сырын, мәнісін айқара ашады. Ырым мен тыйым қосарлана жүреді. Ырымдарда әдеп, этика басымырақ түссе, тыйымдарда надандықтан тыю, «Білмеген у ішеді» деп білгізуге, ұқтыруға тырысу басым келеді. Ырымдарда арам және харам ұғымы да болады. Мысалы, шаңыраққа қарлығаш ұя салса, ол игіліктің нышаны, ал байғыз түн құсы болғандықтан, түнде шаңыраққа қонса, ол жамандықтың нышаны, көрген бетте пәлені аластаудың ырымын жасайды. Ырымдарды адамның іс-әрекетіне қатысты ырымдар деп, әйелге, балаға, бесікке, сапарға шығуға, жолаушыға қатысты деп жалғастыруға болады. Киімге қатысты ырымдар да бар, тіпті аяққа шейін ырым бар. Асқа байланысты ырымдар мен тыйымдар өз алдына бір пара.

Қазақ халқының ырым-тыйым, әдет-ғұрып, салт-дәстүрі – біздің елдің ұзақ өмір тарихынан бастау алады. Арғы атасынан бергі, бүгінгі баласына дейін, ұрпақтан-ұрпаққа ұласып, ұлағатты ұғымын жоймай жетуі, тәрбиелік мәнін кемітпей келуі, тарихи құндылығын сақтап қалуы, мазмұнының өзгертпей, ұғымын өгейсітпей, қаз-қалпында ғасырдан-ғасырға ауысып отыруы оның тәрбиелік мәнінде жатыр. Сондықтан қазақ ырым-тыйымдары ұлттың асыл мұрасы, алтын қазынасы екенін қайталап айту

өзі түсінбестік болар. Ол дәлелдеуді қажет етпейтін игі ақиқат.

Қазақ ырымы – қазақ ғылымы. Ол заңға дейінгі заң, оқулыққа дейінгі оқулық, иманға дейінгі иба. Қазақ отбасы тәрбиесінің бастау көзі – ырым-тыйымнан басталады.

Әрбір қазақ отбасы дүние есігін ашқаннан бұл фәниден көшкенге дейін өміріне мағына беру үшін сан түрлі салттар мен ырым-тыйымдарды орындайды. Алайда, кейбір жөн-жоралғылардың қайдан келіп шыққандығын көбіміз біле бермейміз. Бұл мақалада осы мәселелерге жауап іздеуге талпыныс жасалды. Біз көптеген ырым-тыйымдар мен жөн-жоралғылардың шығу тарихы мен себептерін біліп қана қоймай, олардың мән-мағынасын толықтырып, жас ұрпаққа насихаттауымыз қажет.

Негізгі бөлім

Қазақ халқындағы көптеген салт-дәстүрлер, әдет-ғұрып, ырым-тыйымдар мен аңыз әңгімелер дінімізбен сабақтасып жатыр. Ырым-тыйымдар мен киелі ұғымдарға қатысты аңыз-хикаялардың қайнар көзі Құран Кәрім мен пайғамбарлар өмірінен бастау алады (Бопайұлы, 2017:10). Сонымен қатар, біздің заманымызға дейін жеткен ырым-нанымдардың көпшілігі пұтқа табынушылықтың (тәңіршілдік, шамандық т. б.) іздері де бар. Дегенмен, кейбір ырымдар мен нанымдар Құранның жекелеген сүрелерінде баяндалатыны да рас.

Ырым дінге ешқашан қайшы келмейді. Мәселен, дін сабырлыққа шақырса, қазақ «сабыр түбі сары алтын» дейді. Дін берекеге шақырса – «береке түбі мереке» дейміз. Дін кешірімділікке шақырса, қазақта «алдына келсе, атаңның құнын кеш» дейді. Дін жақсылық істе десе, «жақсылыққа – жақсылық әр адамның ісі, жаманшылыққа – жақсылық ер адамның ісі» дейміз. Дін үнемі жақсы сөз айт десе, қазақ «бір ауыз киелі сөз мың адамды жадыратады, бір ауыз күйелі сөз мың адамды ыдыратады» дейді. Міне қазақтың ырымдары осындай мәнді мағыналы мақал-мәтелдер мәйегінде жасалып, ұрпақты ұлағаттылыққа тәрбиелеу болып отырады. Салт-санамыздың өзегі болып саналады.

Қазақтарда нені істеуге болмайтыны туралы «тыйым» ұғымымен байланыстағы «ырымдар» да бар (табу). Бүгінде бұл белгі-нышан түріндегі аңыздардың кейбіреуі тарихи тұрғыда ғана қызығу тудырады, бірақ олардың арасында адамдардың өмір сүруіне, рухани және материалдық байлықты жасап, көбейтуіне көмекте-

сетіндері де аз емес. «Қазақтар киеге үлкен мән береді. Табиғаттың кейбір апаттарын, отты, кейбір жануарлар мен құстарды, көшпелі тұрмысқа қажет заттарды киелі деп қастерлейді. Осы аталғандарды құрмет тұту, ырым жорасын жасап тұру, адам баласына байлық пен бақыт — құт әкеледі деп түсінеді. Ал, осы кәделерді ұстамау, киелерді құрметтемеу жоқшылыққа душар етеді. Сондай құдіретті күші бар жан-жануарларды киесі бар дейді, ал олардың өзін киелі деп атайды. Жан-жануарлар мен заттардың киесін қадірлемеу киенің қаһарын туғызады. Киенің ашуы, қаһары — кесір деп аталады» (// <http://mazhab.kz>).

Ырым-тыйымдар психологиялық тұрғыдан ойлаудың қарапайым түрінен туындайтын наным-сенімнің бір түрі. Бұлар өмір сүру барысында біртіндеп қалыптасқан этностық топқа ортақ, көшпелілер санасынан орын алған психологиялық ерекшеліктер. Тыйым мен ырым этностық қауымдастықтағы ер мен әйелге, үлкен-кішіге, ұл мен қызға т.б. осы секілді әртүрлі топтарға байланысты айтылған.

Ырым-тыйымдар мифологиямен тығыз байланысты. Британдық ғалым Карен Армстронг «The battle for God (Тәңір үшін талас)» атты еңбегінде миф туралы былай жазады: «Мифті рационалды жолмен танып-білу – қате. Аңыздарда жасырылған ақиқат сырларды сурет өнері, поэзия, мүсін өнері, музыка сияқты жүрекпен ғана сезіне аласың.

Мифтер салт-дәстүрлер мен әдет-ғұрыптарға араласып, сіңісіп, олармен біте қайнасканда ғана барлық ырымдар мен тыйымдарға эстетикалық жағынан жан бітіреді. Мазмұны киелі аңыздармен байытылған салттар мен ғұрыптар ғана оның сакральды мәнін ашып, тіршіліктің терең сырларына бойлауға мүмкіндік береді. Мифтер мен салт-дәстүрлерді бір-бірінен ажыратып алу өте қиын. Осы саланы әбден зерттеген ғалымдардың өзі «бірінші әдет-ғұрыптар пайда болды ма, әлде аңыздар соған орай шықты ма?» деген мәселеде бір тоқтамға келе алмайды. Мифтер міндетті түрде мистицизммен астасып жатады. Яғни тылсым әлеммен тығыз байланыста болады. Егер салт-дәстүрлер мен пайғамбарлардан түскен иләһи ғұрыптар болмаса, жай ғана діни уағыздар мен аңыздар жұтаң тартып, адамға мәні ашылмас еді. Салыстырып айтар болсақ, дәстүрге айналып, тұрмысқа сіңіспеген аңыз-әңгімелер қағазға таңбаланған ноталар сияқты құрғақ абстракцияға айналады. Ноталарды музыкалық аспапқа салып ойнағанда ғана жаныңды рахатқа бөлейтін кереметтей күй-

лер төгіледі. Дәл сол сияқты салт-дәстүрлер ұрпақ арасында жалғасын тауып, ықыласпен орындалған кезде ғана мифтер мен аңыздар адам жанына жұбаныш беріп, рухына шабыт бітіреді» (Бопайұлы, 2017:20).

Біздің заманымызға дейін жеткен ырым-тыйымдардың көпшілігінің пұтқа табынушылықтан шыққандығын жоғарыда атап өткенбіз. Көрнекті этнограф, түркітанушы Ә.А. Диваев діни көзқарастар жөнінде этнографиялық материал жинай жүріп, қазақ халқының өміріндегі баяғы заманнан қалған «пұтқа табынушылықтың» мынадай белгілерін анықтаған:

1. Жас келін қайын атасының үйіне алғаш рет қадам басқанда ошақтағы отқа қой майының кесегін лақтырады;

2. Көктемде қырғыздар қыстаудан алғаш рет жайлауға көшкенде әдейі екі жерден жалындатып от жағып, үстіне тең-тең жүк артылған түйелерді солардың арасынан өткізеді;

3. Бала таппаған әйелді әкесінің үйіне қайтармайды, әулиелі жерлерге қонып, шырақ жағуға немесе от жағуға жібереді;

4. Отағасы... яғни, от иесі деген сөзден шыққан, сондай-ақ «түтін» деген сөз бар;

5. Кісі өлгеннен кейін 40 күн бойы майлы білтемен 40 шырақ жағып отырған.

Осының бәрі ерте заманда мұсылман дінінен бұрынғы қазақтарда отқа табыну культі болғанын дәлелдейтіні анық деп көрсетеді Ә.А. Диваев. Мұсылмандыққа дейінгі діни көзқарас қалдықтарын анықтау мәселесіндегі Ә.А. Диваев пікірлерінің Ш. Уәлихановтікімен үндесетін тұстары көп. Мысалы, Ш. Уәлиханов «Қазақтардағы шамандықтың қалдығы» деген еңбегінде отқа табынуды және соған байланысты әртүрлі ғұрыптарды (отқа табыну, отпен тазалау, той рәсіміндегі рөлі, өлген адамға шырақ жағу, т.с.с.) шамандықтың белгісіне жатқызады.

Ә.А. Диваев қазақ ырымдары жөнінде былай деп жазады: «Бір отар қойдың алдынан немесе ортасынан жарып өтуге болмайды, себебі олар жайылып жүрген жерде Қызыр пайғамбар жүреді». Әрі қарай ол қазақ халқында үй иесі ауыз тимей тұрып тамақ жеуге болмайды деген ырым (дәстүр) бар екенін айтады. Ә.А. Диваев бұл ырымнан өткен тарихтың іздерін аңғарады (// <http://mazhab.kz>).

Қазақ халқының салттары мен дәстүрлеріне назар аударып қарайықшы. Бір ғана баланың дүниеге келуінде көптеген салттар, жөн-жоралғылар, әдет-ғұрыптар, ырым-тыйымдар бар. Тіпті ғұрыптар бала дүниеге келмей тұрып басталады. Құрсақ шашу, жарыс қазан жасалады.

Құрсақ шашу жас келіннің жүкті болуымен байланысты дәстүр. Әйелдің бойына бала біткенін естіген жұрт оның шаңырағына келіп, шашу шашып, ақ тілек айтатын болған. Көрші келіншектер мен ақжүрек құрбылары және тату абысындары оның жерігін басу үшін әр түрлі тәтті, дәмді ас-ауқаттар пісіріп үйіне барады. Енелері «келінді ата-баба аруағы қолдап жүрсін» деп үйінің оң жақ керегесіне ақ орамал байлайды (Бопайұлы, 2017:21).

Жарыс қазан кәдесі айы-күні толған келіншек сәбиін жарық дүниеге әкелу қуанышына орай өткізілген (Жүнісов, 1994:5). Аяғы ауыр кезде келіншектің арам ас жемеуін, лас жерді баспауын, дау-жанжалға араласпауын қадағалайды. Бөпе зерделі де зерек болсын деп анасының жерігін барынша қандыруға тырысады. Қанішер болмасын деп малдың қанын көрсетпейді. Тоғыз ай бойы таза ас беріп күтіп, жылы сөздер айтып отырады. Сыртқы дүлей күштердің (халық сенімінде жын-шайтан) әсерінен қорғау үшін тұмар, көз моншақ, түйреуіш тағады. Тұмарды мойынға асып жүреді немесе омыраудың астыңғы жағына тұмаршаға жеті ұсақ тасты тігіп қояды. «Тіл-көзін тасқа» деген қарғыс осыған байланысты туған (Қалиев, 1994:11-12). Аяғы ауыр келіншекті адыраспанмен (кей жерлерде аршамен), тұзбен, отпен аластайды. Тіл-көз бен зиянды дуаның әсері болса, қызыл шүберекке сіңіп жоғалсын деп материалды игіліктеріне қызыл мата байлайды.

Қазақ халқы аяғы ауыр келіншектің асауқатына ерекше көңіл бөлгендігін жоғарыда айтқанбыз. Қазақ арасында кең тараған сенім бойынша екі қабат әйел түйенің етін жемеу керек. Түйе етін екі қабат кезінде жесе, әйел баланы 12 ай көтеріді-мыс деген сенім болған. Түрлі биологиялық себептермен әйелдің босану мерзімі кешеуілдесе, екі қабат әйелді түйенің бауырынан немесе алдынан бірнеше рет өткізіп, оның «тезірек босануына мүмкіндік береміз» деп ойлаған (Қалиев, 1994:12). Сондай-ақ, екіқабат әйелге баласы қоянжырық болып туады деген ырыммен қоян етін жегізбеген.

Нәресте өмірге келген күні қалжа үшін сойылған қойдың мойын омыртқалары қайнатылып пісіріледі. Сонан соң, жиналған әйелдер омыртқа еттерін тістерімен емес, саусақтарымен жұлып жегеннен кейін (осы орайда этнограф А.Т. Төлеубаев «мойын омыртқаларында ет немесе сіңірді қалдыру сәбидің көзінен ірің шығуына ықпал етеді» деп атап көрсеткен) (Төлеубаев, 1991:75) омыртқа сүйегін кіре берістегі есіктің маңдайшасына іліп, «Баланың мой-

ны қатсын» дейді. Осы омыртқа нәресте мойны қатқанға дейін тұрады. Бұл ырым аға ұрпақтың өкілдері бар отбасында біршама кең тараған.

Балаларға байланысты ырым-тыйымдардың көбі әдетте көз тию, тіл тию секілді сенімдерге байланысты болып келеді. Осы мақсатпен ең алдымен темір мен оттың қорғаушы күші бар деген ежелгі ұғымға байланысты сиқыршылықтың алдын алу үшін бесікті, шүмекті, қысқашпен қару сияқты ырымдарды жасау босанған әйелге жүктеледі. Күні бүгінге дейін бірнеше қарылған оттың іздері бар ескі бесіктер («Кіші Жалаңаш ауылы») кездесіп қалады.

Қазақ ауылдарында нәресте жалғыз қалғанда жастық астына пышақ тығып қоятын ырым бар. әр түрлі тұмарлар да қорғаушы деп қаралған. Осы мақсатпен бас жағына қасқыр тұяғы, кейде бүркіт немесе ат тұяғы ілінеді. Үлкен Қаратал ауылында ертеректе бесіктің астына кірпікшешеннің терісі ілінген. Баланың тақиясына үкі тағу кеңінен тараса, қорғау мақсатымен дұғаланған үшбұрышты тұмар, бойтұмар алып жүру сирек кездеседі (әжіғали, 2005:43-44).

Қазақта жаңа туған нәресте қатайғанша оны көпшілікке көрсете бермеген, сол арқылы тіл-көзден сақтауға тырысқан. Сәбиге көз тимес үшін күйе жағып қоятын болған.

Қазақ халқында жас ана бала күтіміне қатысты ырым-тыйымдарды қатаң сақтады. Оны үйдегі үлкендер де қадағалап отырған. Осыған қатысты ең негізгі тыйымдардың бірі – бала емізуге қатысты болды. әйел бала емізгенде жалаң бас отырмайды. Қазақ ырымында шайтан әйелдің шаштағы кірін бөпе еметін сүтке араластырып жібереді екен. Осыдан баланың жаны кірленіп, бойына жамандық ұялайды. Есейгенде мәңгүрт, безбен, тілазар болады деп сенеді. Сондықтан көзі ашық кісілер келіннің шашын жауып отыруына аса қатты мән берген (Бопайұлы, 2017:23).

Бала емізуге қатысты тағы бір ырымдардың бірі – дәретсіз бала емізуге тыйымның салынуы. Оның түпкі мақсаты – жеке бас гигиенасы мен баланың денсаулығын сақтау болып табылады.

Сәбиге есім қоюға қатысты әр ұлттың өзіне тән мәдениеті, дәстүрі қалыптасқан. Сол секілді қазақ халқының да есім беруде ұстанатын өзіндік қағидалары болған. Қазақ халқында егер туылған балалары шетінеп, қайтыс бола берсе: Күшік, Итбай, Итемген, Малай, Башай секілді қолайсыз есімдермен қатар, Тұрсын, Алмас, Аман, өтеген, өтепберген, Төлеген, Елемес, өлмес, Тұрар деген аттарды да ырымдап қоятын болған. Бұл «баланың өмірі ұзақ болсын» деген ниеттен туған. Жалпы айтқанда, ырым – халық-

тың сенімі мен ақ ниетінен, шын көңілінен туатыны белгілі.

Туылған нәрестелердің бәрі ылғи қыз болып, ұл баланы күтіп жүргенде тағы да қыз бала туса, кейінгі бала ұл болсын деген ниетпен Ұлболсын, Ұлбала, Ұлту, Ұлтуған, Жаңыл, Жаңылған деп қоятын болған.

Зарығып жеткен сәбилердің аты көбіне Аллаберген, Алдаберген, Құдайберген, Тұяқ, Тілеген, Тілепалды, Тілеуберген болып келеді.

Нәрестенің туылған уақытына, жеріне, еліне, жағдайына қарай Айтуған, Рамазан, Ережеп, Наурызбай, Қаңтарбай, Жайлаубай, Қазанбай, Боранбай, Тәшкенбай, Бұхарбай, Желдібай, Жаңбырбай, Сырбай, Еділбай, Алматы, Найманбай, Адайбай, Жеңіс, Қуаныш, Базарбай, Аманкелді, Төрегелді, Қожагелді, Жолдыбай, Олжабай т.б. деп те қойылады.

Әкесінің не атасының жасына қарай Елубай, Алпысбай, Жетпісбай, Сексенбай, Тоқсанбай деп қоятын дәстүр де бар.

Мәселен, ат қоюда жаңбыр да себепші болуы мүмкін. Нөсерлі күні туған бала Жаңбырбай деп те атала береді (Абылқасымов, 1993). Жаңбырдан соң жер көгеріп, ырыс келетіндіктен, мал басы көбейіп, бала бай болсын деген ырым бар. Егер нәресте көзін ашқанда ауыл көшіп келе жатса, оны Көшербай деп атауы мүмкін. Ораза ұстаған кез Оразбайға, торғай құсы Торғайбайға, бүркіт қыран – Бүркітбайға себепші болуы мүмкін. әкесі сүйікті ұлын Айжан деп атап, оны туған айдай, өз жанындай жақсы көретінін сездіреді. Сондай-ақ нәрестенің есімін Қасқырбай деп қоюы баланың қасқырдай өжет, күшті, Жұлдызбай деп атау жұлдыздай жарқыраған көрікті, Бақтыбай деу бақытты болсын деген тілек-ниетті білдіреді (әжіғали, 2006:130).

Баланың болашағынан үміт етіп, бай болсын деген ниетпен Сансызбай, Жұтамас, Мұңайтпас, Әмірбек деп, қадірлі болсын деген ниетпен Қадірбек деп, ғалым болсын деген ниетпен Ғалымбек, Данабек, Қари, Қазидеп, ержүрек, батыл болсын деген ниетпен Жолбарыс, Арыстан, Батыр, Қаһарман деп, өмір жасы ұзақ болсын деген ниетпен Өмірзақ, Жанұзақ, Көпжасар деп те қойылады (Дін мен дәстүр, 2017:22-27).

Бұл әрекет қазақ халқының «жақсы сөз – жарым ырыс» деген мақалына сай келеді және де ниеттері қабыл болып, баласыздар балалы болып, ұлы жоқтар ұлды болғандары өмір тәжірибелерінен көрінген. Сондықтан да бұл ата-бабалар дәстүрі жалғасын тауып отырған. Сонымен қатар бұл дәстүрлердің қазіргі эзотериктердің «кез келген ой материалданады» деген

тұжырымдарына да дәлел болады деп ойлаймыз.

Бала дүниеге келгенде шілдехана тойы тойланады. Бұл қазақтардың шілде деген жының жаңа туған нәрестені ұрлап кетпеуі үшін жасалатын дәстүрі. Бүкіл ауыл шілдеханада жиналып, таң атқанша ән салып, би билеген. Осылайша жынды үйге жақын жуытпаған. Бұл қазақ халқының анимистік дүниетанымымен байланысты қалыптасып, әлі күнге дейін жалғасын тауып отырған дәстүрі (Ақатай, 2011).

Дүние есігін ашқан сәбиге ең алғаш тігісін сыртына қаратып, киім тігіп кигізеді. Бұл киімнің атын «ит көйлек» немесе «ит жейде» деп атаған. Жалпы, қазақ халқында итке байланысты жер-су атаулары (топонимдер), адам есімдері кеңінен таралған. Итке қатысты жасалатын жөн-жоралғылар, ырым-тыйымдар оның бағзы замандарда тотем болғандығын білдірсе керек. Қазақта ежелден-ақ әйелдің баласы тұрмай, өле берсе, жаңа туған баласына кигізетін алғашқы көйлегін иттің басына кигізіп, сонан киім баласына кигізген. Сонда жаңа туған баласы өлмейді деп сенген. Ол көйлектің ит көйлек аталуы да сондықтан. «Мен сенен ит көйлекті бұрын тоздырғам» деп үлкен екендігін білдіріп, халқымыз текке айтпаған (өсеров, 1992:114).

Ит көйлектің бұлай аталуы жайында діни аңыздар да бар. Ол бойынша Тәңірі тағала адамның мүсінін жасағанда, оның кіндігінен алынған бір шөкім балшықтан итті жаратады. Аңыз желісі бойынша Адам ата жаралған соң, ит оны қырық күн, қырық түн күзетіп, Ібілістен қорғаған деседі. Иттің үнемі адамнан айырылмай, қайда барса да, иесінің мал-мүлкін қорып, адамға серік болып жүретін себебі сол екен. Ит Адам ата мен Хауа ана жер бетіне түскен кезде де алғаш рет соларға сенімді серік болыпты. Оларды бәле-жаладан, қауіп-қатерден құтқарып, қорған болған екен.

Жаңа туған баланы да пәле-жәледен қорғасын деп ит көйлек кигізіп ырымдау содан қалыпты. Ит көйлекті бала қырқынан шыққанша кигізеді. Оны шыт, сиса, бәтес, бөз сияқты жұмсақ маталардан жасайды. Тысын сыртына қаратып, шетін бүкпей пішеді. Жағасын ойып, өңіріне баланың басы сиятындай етіп тік тілік жасайды.

Баланы қырқынан шығарғасын ит көйлекті далаға тастамайды. Дауға барған адамдар, жауға шапқан батырлар баласының ит жейдесін қойнына тығып, өзімен бірге ала жүрген. Себебі, «көйлек қауіп-қатерден, пәле-жаладан сақтайды» деп ырымдаған. Баласы жоқ әйелдерге ит көйлекті ырым етіп береді (Бопайұлы, 2017:25).

Тумаған әйел жаңа туған күшіктердің үстінен аттаған. Егер әйел аттағаннан соң күшіктердің бірі өлсе, әйел туады деп жорыған. Қазақтар итті теппеген, үстінен су шашпаған. Итке су шашса, сол шашқан адамның үстіне сүйел қаптап шығады деген пікірді ұстанған. Иттің майын «жіңішке» (кұрт) ауруына шалдыққан науқас адамға ішкізіп, емдеген.

Қазақ халқында жаңа туған баланы бесікке салу, бесікке бөлу дәстүрі ерекше сақталады. Бесіктің пайда болуы жөнінде түрлі аңыздар таралған. Бесік ең алғаш тобылғыдан жасалғандықтан, ол қасиетті ағаштардың біріне айналыпты. Одан бесік, қамшы, ыдыс-аяқтар жасапты. «Бесікті отқа жақпа», «аяқасты етпе», «қадірлеп ұста» деген ырымдар осыдан кейін шыға бастаған. Тобылғы бесікте тербелген сәби «арыстандай топ жарады, жолбарыстай жол тосады» деп ырымдайды (Бопайұлы, 2017:26).

Бала бөлеген бесіктің үстіне жеті нәрсе жабады. әр жабылған нәрсенің өзіндік мәні бар. Мәселен, ең бірінші етіп бесік көрпе, одан кейін шапан, кебенек, тон, жабу, жүген және қамшы сияқты бұйымдар жабылады. Тон, шапан жабу – ержеткенде бала халыққа қадірлі болсын деген тілек; жүген, жабу – ат ұстайтын азамат болуын тілеу, кебенек, қамшы жабу – ел қорғайтын батыр болсын деген тілек (Қалиев, 1994:17).

Біздің халықта «бос бесікті тербетпе» деген қатаң сақталатын тыйым бар. Аңыз бойынша бос тұрған бесікке Ібіліс баласын салып қояды екен. Бос бесікті тербеткен шайтанның баласын тербеткенмен бірдей. Сондықтан «бос бесікті тербетпе» деп тыйым етеді. Ібілістің баласы бос бесікте жасырынып жатады екен. Сәбиді бөлер кезде отпен аластамаса, жасырынып жатқан шайтан баланың ішінен нұқи береді. Содан сәбидің іші ауырады. Мазасы қашады. Сондықтан баланы бесікке бөлерде аршамен, адыраспанмен болмаса жеті шырпымен аластаған жөн деген дәстүр шығыпты (Бопайұлы, 2017:26).

Бесікке үкі, кей өңірлерде қасқырдың тісін тағып қою рәсімдері баланы көз тиюден сақтайды деген сенімнен туған. Бұл қазақ халқының үкіні, қасқырды киелі жануарлар деп құрметтейтін тотемистік көзқарастарымен байланысты (Орынбеков, 2002).

Ата-анасы жаңа туған нәрестесін ширату үшін қырық күн тұзды суға шомылдырады. Ондағы мақсат – бала болашақта сабырлы, төзімді боп өссін, өмір жолында кездесетін барлық қиындықтарға мойымайтын мықты тұлға болсын деп ырымдағаны.

Қазақ халқы бала дүниеге келгеннен қырқынан шыққанға дейінгі алғашқы қырық күндікті қауіпті, қатерлі «өтпелі кезең» санап, жаңа туған нәрестені қадағалап, қасынан адам үзілмей қарайтын болған. Мұнымен қоса қырқынан шыққанша «сүт тырнағын», «қарын шашын» алмайды. Қырық күннен аман өткен нәрестені «қаракұлақтанды» деп қуанып, «қырқынан шығару» тойын жасайды.

Әдетте, ер баланы ерте жетіледі, жылдам өседі деген түсінікпен 40 күн толмай жатып қырқынан шығарған. Ал қыз бала, керісінше, жеңілтек болып кетпесін, байсалды, орнықты болсын деп, анық қырық күн толғаннан кейін қырқынан шығару рәсімін орындаған (Дін мен дәстүр, 2017:35). Баланы қырқынан шығару кезінде оны 40 қасық суға түсіріп, тырнағы мен шашын алады. Бұл жерде де 40 саны басшылыққа алынған. Шомылдыратын ыдыстың түбіне күміс әшекейлер салынды. Күміс салынған су – ең таза су болып есептеледі және оған жын-шайтан жоламайды деп санаған. Негізі, суға салынған әр заттың өз мағынасы бар. Баланы шомылдыратын суға күмісті ол адал, ақ, пәк болсын деп салады. 40 қасық суды ырысы мол болсын деп құятын болған. Қырқынан шыққан бала адам қатарына қосылды, қауіпті кезеңнен өтті деп саналып, ел ішіне шыға бастаған.

Қазақ арасында нәрестенің бірінші алынған шашын сақтап қою ырымы бар. Оны өскесін сол балаға тұмар етіп тағу ғұрпы қалыптасқан. Сенім бойынша Ібіліс ол балаға әсер ете алмай, діңкесі құриды екен (Бопайұлы, 2017:31).

Одан кейінгі кездерде шашын алса, адам аяғы басып жүрмейтін жерлерге тастайтын болған немесе жерге көміп қойған. Жалпы, қазақ арасында шашты далаға бей-берекет тастамау керек деген түсінік кең тараған. Әйел адамдардың да тарақтан түскен шаштарын жинап, жерге көміп не болмаса өртейтіні осы ырымдардан шықса керек.

Шілдехана-бесік тойдан кейін сәби өмірінде ерекше аталып, үлкен той ретінде өткізілетін салттың бірі – тұсаукесер. Аталмыш салт сәби қаз тұрғаннан кейін «тез жүріп кетсін» деген тілекпен жасалады. Мәселен, тұсаукесер жіпті «көбейіп, көгере берсін» деп көк шөптен есіп жасаса, «бай болсын» деп малдың тоқ ішігінен де өреді. Қазіргі таңда кең қолданылатыны – ала жіп. Ала жіп арнайы дайындалады және бұл тіршіліктің нышаны. Оның үлкен діни және философиялық мән бар. өмірде барлығы жұп-жұп болып жаратылған. Айталық, қараңғы мен жарық, ыстық пен суық, өмір мен өлім, жақсылық пен жамандық, т.б. Бұлар үнемі қатар жүреді.

Тұсаукесерде қолданылатын алап жіпті бала өскенде өзгенің «ала жібін аттамасын», «ұрлық қылмасын», «қиянат жасамасын», «жаман жолға түспесін», яғни «біреудің дүниесіне көз тікпесін, қолын сұқпасын» деген ниетпен дайындайды (Дін мен дәстүр, 2017:45-46).

Қазақ халқында бала сүю, ұрпақ қалдыру мәселесіне қатысты ырым-тыйымдар жетерлік. Солардың бірі – балаға теріс көйлек кигізу. Оның мәні мынада. Көпке дейін бала көтере алмай жүрген әйел кішкентай бүлдіршінге ұлдың немесе қыздың көйлегін теріс кигізіп қоятын болған. Ұлдың киімін ұлға теріс кигізсе, ұл туады, қыздың киімін қызға теріс кигізсе, қыз туады деп ырымдайды. Діни аңыздарда бұл ғұрыпты Сүлеймен пайғамбардан қалған деседі (Бопайұлы, 2017:36). Қазақ арасында бұл ырым әлі күнге дейін сақталған.

Қорытынды

Қазақ халқымен ғасырлар бойы жасасып келе жатқан ырым-тыйымдар жүйесі халқымыздың өмірінде, салт-санасында, әдет-ғұрыпында, тұрмыс-тіршілігінде кеңінен көрініс тапқаны белгілі. Ырым-тыйым арқылы бала тәрбиелеу, жат әдеттерден тыю, туындауы мүмкін қауіп-қатерлерді ескерту және т.б. нәрселер ұлтымыздың рухани кеңістігінде әлі күнге дейін сақталып келе жатқан тарихи, этномәдени, әлеуметтік мәні терең дүние. Кейбір ырым-тыйымдар бағзы замандардағы шамандық, тәңірлік наным-сенім-

дердің сипаты, белгісі ретінде де көрініс беріп жатады. Қалай дегенмен, ырым-тыйымдарды халқымыздың ұлттық болмысынан бөле-жара қарауға болмайды. Қазақтың тыйым сөзі – ұлттық тәрбие көзі, яғни қазақ халқы баласын кішкентай кезінен жақсылыққа үйір, жаман әдеттерден аулақ болсын деп тыйым арқылы тәрбиелеп отырған. Қазақ халқының қанына сіңген тектілігі, адамгершілігінің жоғары болуы, әртүрлі келеңсіз көріністерден, әбес қылықтардан аулақ болғаны осы қазақтың тыйымының арқасы, яғни бала бойына ертеден сіңіргенінен.

Ертеде осындай ырым-тыйымдардың өміршең болып, ұрпақтан ұрпаққа үзілмей жалғасып жетуі аңыз-әпсаналармен, мифтік таныммен байланып отырған. Жоғарыда біз қарастырған сәбилік шаққа қатысты ырым-тыйымдардың көпшілігінің астарында діни сенім жатыр. Адамдардың діни сенімі осындай ырым-тыйымдар арқылы символданып келген. Материалдық зат, іс-әрекет, сөздік мәтін, кейбір сана образы ретінде қызмет атқаратын ырым-тыйымдар символикалық қасиетке ие.

Ырымдар мен тыйым сөздер халқымыздың тәрбиесінде ерекше орын алады. Тыйым сөздер тәрбиенің бал бұлағы. Ырым мен тыйым дүниежүзі халықтарының бәрінде бар. Бұлардың ұқсастығы – екеуінің де тәрбиелік мәнге құрылғандығында. Кейде біз «өте ырымшыл, діншіл екен» деп жатамыз. Діншілдік – ырымшылдық емес, ырым – тәрбие, тыйым – салтымызбен сабақтасқан шарт деп түсінуіміз қажет.

Әдебиеттер

- Абылқасымов Б. (1993) Телқоңыр. Қазақтың көне наным-сенімдеріне қатысты ғұрыптық фольклоры. – Алматы.
 Ақатай С.Н. (2011) Күн мен көлеңке: ғылыми-танымдық аңсар; Тарихи материалдар. Қайта басылған. – Алматы. – 424 б.
 Дін мен дәстүр. (2017) II кітап (тал бесіктен жер бесікке дейін). – Астана. – 176 б.
 Жүнісов А. (1994) Фәниден бақиға дейін. – Алматы. – 127 б.
 Қазақ халқының дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары. (2005) 1-том: біртұтастығы және ерекшелігі/ Құраст. С. Әжіғали. – Алматы: «Арыс баспасы». – 328 б.
 Қазақ халқының дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары. (2006) 2-том: дүниеге келгеннен өмірден озғанға дейін (отбасылық әдет-ғұрыптар ертеректегі авторлардың еңбектері бойынша)/Құраст. С. Әжіғали. – Алматы: «Арыс» баспасы. – 416 б.
 Қалиев С., Оразаев М., Смайылова М. (1994) Қазақ халқының салт-дәстүрлері. Алматы: Рауан. – 222 б.
 Орынбеков М. (2002) Қазақ сенімдерінің бастаулары: оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті. – 200 б.
 Өсеров Н., Естаев Ж. (1992) Ислам және қазақтардың әдет-ғұрпы.– Алматы: Қазақстан. – 152 б.
 Салт-дәстүр сөйлейді. (2017) Отбасы хрестоматиясы / Авторлар: Б. Бопайұлы және т.б. Алматы: Орхон. – 288 б.
 Толеубаев А.Т. (1991) Реликты доисламских верований в семейной обрядности казахов (XIX – начало XX вв.). – Алма-Ата.
 Ырымдар мен тыйымдардың да тәрбиелік мәні бар // <http://mazhab.kz>. Павлодар облысы орталық мешітінің ресми порталы.

Ырым-тыйымдарымыздың өзі терең ғылыми зерттеуді қажет етеді// Дәстүр №1 (50), Қаңтар-Ақпан, 2017 жыл